

**2020 жылдың 16-шы қыркүйегіндегі
Оқу-әдістемелік кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Оқу-әдістемелік кеңестің Төрағасы,

э.ғ.д., профессор – Умирзаков С.Ы.

Хатшы

э.ғ.м. – Баймурзаева А.Ж.

Қатысқандар: Оқу-әдістемелік кеңестің 27 мүшесінің 25 қатысты (қатысу парағы қосымшада).

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 2020-2021 оқу жылына ОӘК жеке құрамын өзгерту туралы (баяндамашы: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы.).

2. 2020-2021 оқу жылына ОӘК хатшысын сайлау (баяндамашы: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы.).

3. 2020-2021 оқу жылына ОӘК жұмыс жоспарын бекіту (баяндамашы: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы.).

4. 2020-2021 оқу жылына университеттің оқу - әдістемелік қызметінің негізгі міндеттері туралы (баяндамашылар: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы., оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Дальке Н.В.).

5. Университеттің академиялық қызметін реттейтін Ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) жаңарту туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Дальке Н.В.).

6. Әр түрлі

Оқу-әдістемелік кеңестің Төрағасы С.Ы. Умирзаков күн тәртібін жариялады және жиналғандарды оны қабылдау үшін дауыс беруге шақырды. Кеңес төрағасы күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешімді ашық дауыс беру арқылы, жай көпшілік дауыспен қабылдауды ұсынды.

Күн тәртібі **бірауыздан** жалпы дауыс беру арқылы бекітілді.

1. 2020-2021 оқу жылына ОӘК жеке құрамын өзгерту туралы

ТЫНДАЛДЫ: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы. оқу-әдістемелік кеңестің жұмысын оңтайландыру және жетілдіру мақсатында ұйымдастырушылық-кадрлық өзгерістерге және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиялар құрылуына байланысты 2020-2021 оқу жылына арналған Университеттің ОӘК жеке құрамына қандай өзгерістер енгізілгенін түсіндіріп өтті.

1. Акынова Динара Хоседиасовна;
2. Алтынбекқызы Алуа;
3. Байтенова Лаура Маратовна;
4. Балхыбекова Коркем Сатылхановна;
5. Гумарова Турсынгуль;

6. Джондельбаева Айгуль Сейтжановна;
 7. Жунисбекова Гульфайруз Ергебековна;
 8. Иембекова Майра Ораковна;
 9. Италмасова Раушан Балтабаевна;
 10. Крупина Елена Михайловна;
 11. Омиртай Роза;
 12. Скиба Марина Александровна;
 13. Субалова Мадина Айваровна
- ОӘК құрамынан шығарылды.

1. Абдикадилова Гульнара Тулеубековна;
 2. Байгелова Нургуль Елеусизовна;
 3. Гимранова Дильбар Досмаиловна;
 4. Гостенко Людмила Николаевна;
 5. Ералиева Яна Александровна;
 6. Ергалиев Канат Раимханович;
 7. Каршалова Алма Дамеровна;
 8. Құрманғали Медеу Шунгенұлы;
 9. Мейманкулова Жулдыз Жолмурзаевна;
 10. Момынкулова Шолпан Ордабековна;
 11. Монобаева Агипа Ивановна;
 12. Ниеталина Гаухар Кудайбергеновна;
 13. Утеулиев Серик Куралбаевич
- ОӘК құрамына енгізілді.

ШЕШТІ: ОӘК жеке құрамы бойынша өзгерістер туралы ақпаратты ескеру.

2. 2020-2021 оқу жылына ОӘК хатшысын сайлау

ТЫҢДАЛДЫ: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы. әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Баймурзаева Айтуре Жамалбековнаны оқу-әдістемелік кеңестің хатшысы етіп сайлауды ұсынды.

Ашық дауыс беру арқылы – оқу-әдістемелік кеңес мүшелері - бірауыздан ШЕШТІ:

– 2020-2021 оқу жылына оқу-әдістемелік кеңес хатшысы болып Баймурзаева Айтуре Жамалбековна сайлансын.

3. 2020-2021 оқу жылына ОӘК жұмыс жоспарын бекіту

ТЫҢДАЛДЫ: академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков С.Ы. оқу-әдістемелік кеңесінің 2020-2021 оқу жылына жұмыс жоспарын ұсынды. Жұмыс жоспары университеттің стратегиялық даму тұжырымдамасының бағыттары мен ұжым алдында тұрған негізгі міндеттерге сәйкес жасалған. (2020-2021 оқу жылына ОӘК жұмыс жоспары қоса берілді).

Сөйледі:

Абенова Е.А.: ОӘК жұмыс аясында эдвайзерлер институты жұмыстары талқыланатын болады ма?

Умирзаков С.Ы.: алдағы жылы бізде әр білім алушыға жеке білім беру траекториясын таңдау тетіктерін енгізу концепциясын іске асыру бойынша маңызды жұмыстар тұр, эдвайзерлер туралы Ереже әзірленеді, өз ұсыныстарыңыз бен көзқарастарыңызды берулеріңізді сұраймын.

Сонымен қатар, Ғылыми-білім беру департаменттері оқу жұмыс бағдарламаларын (силабустар) модерациялау және постмодерациялау кезінде ҒАО «Ғылыми кітапханамен»

тығыз өзара әрекеттесуі керек. Мектеп декандарынан, ҒББД директорлары мен БББ жетекшілерінен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссиялар отырысына ғылыми кітапхана өкілдерін шақыруын сұраймын.

Ашық дауыс беру арқылы – оқу-әдістемелік кеңес мүшелері - бірауыздан ШЕШТІ:

– 2020-2021 оқу жылына оқу-әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.

4. 2020-2021 оқу жылына университеттің оқу - әдістемелік қызметінің негізгі міндеттері туралы

ТЫҢДАЛДЫ: «2020-2021 оқу жылына университеттің оқу-әдістемелік қызметінің негізгі міндеттері туралы» күн тәртібінің 4 мәселесі бойынша оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Далькенің ақпараты.

ШЕШТІ: 2020-2021 оқу жылына университеттің оқу-әдістемелік қызметінің негізгі міндеттері туралы ақпаратты ескеру.

5. Университеттің академиялық қызметін реттейтін Ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) жаңарту туралы

ТЫҢДАЛДЫ: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Дальке Н.В. ІНҚ жаңарту жөніндегі комиссия Университеттің академиялық қызметін реттейтін қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттардың аудиті бойынша жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

Келесі құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа, Академиялық адалдық, Мемлекеттік білім беру стандарты мен Үлгілік ережелердегі өзгерістерге сәйкес жаңартылды:

- «Нархоз Университеті» ком. емес АҚ академиялық саясаты;
- «Нархоз Университеті» ком. емес АҚ білім алушыларын аралық аттестациядан өткізу туралы Ережелері;
- «Нархоз Университеті» ком. емес АҚ білім алушыларын қорытынды аттестациядан өткізу туралы Ережелері;
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеу Регламенті.

Университеттің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанының өзгеруіне және ұйымдастырушылық-кадрлық өзгерістеріне байланысты келесі ІНҚ техникалық тұрғыдан жаңартылды:

- Диплом жұмыстары/жобаларды дайындау және орындау туралы Ереже;
- Магистрлік диссертация/жобаларды дайындау және орындау туралы Ереже;
- Плагиатты анықтау және алдын-алу Регламенті.

Сөйледі:

Дюсембекова Ж.М.: Диплом жұмыстары/жобаларды дайындау және орындау туралы, магистрлік диссертация/жобаларды дайындау және орындау туралы және кәсіптік практика туралы Ережелер университет бойынша бірыңғай бола ма?

Дальке Н.В.:

Диплом жұмыстары/жобаларды дайындау және орындау туралы Ереже - жалпы ұсынымдық сипатта, әр Мектеп оқыту мен білім беру бағдарламаларының бағыттары мен ерекшеліктерін ескере отырып, дайындау мен орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар әзірлейді. Магистрлік диссертация/жобаларды дайындау және орындау туралы Ереже – ортақ. Қазіргі уақытта Мансапты дамыту және түлектермен байланыс тобы «Нархоз Университеті» КЕАҚ студенттерінің кәсіптік практикасын ұйымдастыру туралы Ережені әзірлеп жатыр. Дайындағандар осы құжатты Ғылыми кеңестің бекітуіне жіберуді жоспарлап отыр. Осыған байланысты біз ОӘК мүшелеріне сыни баға бергені үшін, ұсыныстарыңыз және пікірлеріңіз болып жатса, ризашылығымызды білдіретін едік.

Ералиева Я.А.: Диплом жұмыстары/жобаларды дайындау және орындау туралы Ережені орталықтандыруды ұсынамын, онда бакалаврлардың бітіру жұмысын дайындаудың негізгі принциптері мен нормаларын егжей-тегжейлі баяндалуын ұсынамын.

Дальке Н.В.: Осы тұрғыда Мектептің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында өз ұсыныстарыңызды талқылап, оны Оқу-әдістемелік Кеңеске ұсынуларыңызды сұраймын.

Абдикадинова Г.: Жеке жұмыс жоспарларының, Ережелер мен есеп формаларының ақылға қонымды түрде орталықтандыруды ұсынамын.

Ералиева Я.А.: Білім беру бағдарламаларын әзірлеу Регламентінде оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустар) бекіту тәртібі көрсетілмеген.

Дальке Н.В.: бұл көрсетілген құжатта жазылған, оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустар) Мектеп деканы бекітеді, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия - мақұлдайды және бекітуге ұсынады.

Ниеталина Г.: университет басшылығы ISO 9001 стандарттар принципіне негізделген Сапа менеджменті жүйесін енгізуді ұсынып отыр, айтылған жүйені енгізу барлық құжаттау формаларын орталықтандыруды көздейді.

Дальке Н.В.: осы ақпаратты түйіндей отырып, барлық жаңартылған ІНҚ университет порталының «Оқу үдерісі» бөлімінде орналастырылғанын мәлімдеймін.

ШЕШТІ: университеттің академиялық қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды жаңарту туралы ақпаратты ескеру.

Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар талқыланды. Төраға оқу-әдістемелік кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

ОӘК Төрағасы



С.Ы. Умирзаков

ОӘК хатшысы



А.Ж. Баймурзаева